

4.Л.И.Ізтілеуова, Қ.О.Бекишев, Е.А.Шайхығалиев. Қарағанды университетінің хабаршысы. «Жоғары оқу орындарында мамандыққа қатысты тілдік оқытудың тиімді педагогикалық әдістері мен тәсілдері»2016.

5.Төлекова Г.Қ., Есімболова М.Қ. Кәсіби қазақ тілі., Алматы 2011ж., Азаматтық авиация академиясы,125 б.

6.Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Әскери іс.Алматы: «Мектеп» ААҚ, 2001ж.

ӘОЖ 37:001

*Джакиева Д.О.
Азаматтық авиация академиясы*

ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУЛЫҚ, ОЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕР МЕН ТАЛАПТАР ЖӘНЕ ОНЫҢ ОҚЫТУ ҮРДІСІНЕ ТИГІЗЕТІН ПАЙДАСЫ

ЭЛЕКТРОННЫЙ УЧЕБНИК, ОСНОВНЫЕ ЗАДАЧИ И ТРЕБОВАНИЯ К НИМ И ЕГО ПРЕИМУЩЕСТВА ДЛЯ ПРОЦЕССА ОБУЧЕНИЯ

ELECTRONIC TEXTBOOKS, THE MAIN TASKS AND REQUIREMENTS FOR THEM AND THEIR BENEFITS FOR THE LEARNING PROCESS

Аңдатпа. Мақалада қашықтықтан оқыту мәдениетін қалыптастыру туралы кейбір мәселелер қарастырылады. Компьютерлік және ақпараттық технологияларды меңгеруде студенттердің педагогикалық және психологиялық дайындығының рөлі атап өтілді.

Түйін сөздер: электронды оқулық, ақпараттық технологиялар.

Аннотация. В статье рассматриваются некоторые вопросы о формированиях культуры дистанционного обучения. Отмечено роль педагогической и психологической подготовки студентов в освоении компьютерной и информационной технологии.

Ключевые слова: электронный учебник, информационные технологии.

Abstract. The article deals with some questions about the formation of a culture of distance learning. The role of pedagogical and psychological training of students in the development of computer and information technology is noted.

Key words: electronic textbook, information technologies.

Кіріспе. Электронды оқулық қоғамымыздың бүгінгі талаптарына сай келетін жаңа кітап.

Электронды оқулық – дисплей экранында көрінетін жай ғана мәтін емес, ол студенттерге өз жолымен керекті материалды жеке меңгеруге арналған күрделі, көпсатылы жүйе. Яғни, студенттер сабақтан тыс өз бетімен жұмыс істеуіне толық мүмкіндік туғызады. Сондай – ақ студенттер қажетті бөлімдерін қайталап игеру тәсілі мен керекті материалдарды қарап шығуға мүмкіндік беретін көмекші құрал.

Электронды оқулық – бұл күнбе-күн дамытылып отыратын ашық түрдегі әдістемелік жүйе, оны әрбір студент өз педагогикалық тәжірибесіндегі материалдармен толықтыра отырып әрі қарай жетілдіре алады. Сол себепті электронды оқулықтарды Республикалық білім беруді ақпараттандыру ғылымы әдістемелік орталықтардан келіп түсіп жатқан

ұсыныстар мен пікірлерге сай тиімділігін бірте – бірте арттыруға болатыны талап тудырмаса керек.

Электронды оқулық мына жағдайларда аса тиімді болып табылады:

- Тез арада қайтарма байланыс болуын қамтамасыз еткенде (интерактивті қасиеті).
- Қарапайым оқулықтарда іздеу қиыншылық тудыратын ақпаратты жылдам табуға көмектескенде (іздеу өнімділігінің көтерілуі).
- Гипертекстік түсіндірмеге көп мәрте қарауда уақытты үнемдеуге көмектеседі.
- Сабақты иллюстрациялық материал ретінде жабдықтауға көмектеседі.
- Сабақта және сабақтан тыс уақытта өз бетімен әртүрлі деңгейлі тапсырмалар орындауға мүмкіндік берілген.
- Емтихан дайындық кезінде пайдаланылады.

Тест экранға шығарып қана қоймай, оны әңгімелеп, көрсетіп, модельдеуге және т.б. Мультимедиялық технологиялардың артықшылықтары мен мүмкіндіктерін қолдануға болады. Сонымен электронды оқулық жасау болашақ оқытушыларға үлкен білім алқабына жол ашады.

Программалау біліктілігінің жүйелі қалыптасуы соңғы уақытта пайда бола бастаған электронды оқулықтармен тиімділене түседі. Ал электронды оқулықтарды білім беру процесін ақпараттандыру құралының бірі деуге болады.

Негізгі бөлім. Электронды оқулық - компьютер көмегі арқылы өз бетінше немесе оқытушының қатысуымен оқу курсы немесе оның бөлігін меңгеру мүмкіндігін қамтамасыз ететін программалық- әдістемелік кешен.

Электронды оқулық - бұл оқу пәнінің негізгі ғылыми мазмұны көрсетілетін магнитті тасымалдаушыда (қатты немесе иілгіш дискте) орналасқан оқытушы, бақылаушы, моделдеуші және басқа программалардың жиынтығы. Электронды оқулық әдетте 3 компоненттен: курстың негізгі ақпараттық бөлігі берілген - презентациялық, алынған білімді бекітетін –жаттығу, білімгердің білімін бағалауға мүмкіндік беретін - тестілеуден тұрады. Электронды оқулықтың тиімділігі келесі ерекшеліктерінен көрінеді:

- қарама- қарсы байланысты қамтамасыз етеді;
- гипермәтіндік түсінікімеге бірнеше рет сілтеме жасау уақытты үнемдейді;
- мәтінді экранға шығарып қана қоймай, оны әңгімелейді, көрсетеді, моделдейді және т.с.с. тап осы жерде мультимедиялық технологиялардың мүмкіндіктері мен ерекшеліктері (көрнекілік және түсінікті принципі) көрінеді;
- жылдам, бірақ нақты бір адамға сәйкес темппен белгілі бір бөлім бойынша білімді тексеруге мүмкіндік береді.

Электронды оқулықтың кемшілігіне ақпараты қабылдау құралы ретінде дисплейдің нашар физиологиясын (тексттік ақпаратыны кітаптан оқу экраннан қабылдауға қарағанда ыңғайлы және тиімдірек) жатқызуға болады.

Оқу материалдарын ұтымды игерудегі электронды оқу құралдарының атқаратын рөлі зор. Онда пәндегі теориялық тақырыптар кеңінен беріліп түсіндіріледі. Теориялық материалдарды графикалық иллюстрация түріндегі әртүрлі суреттер, сұлба – тәсілдер арқылы толықтырып отырса, онда теориялық білімді оқып, көзбен көріп, түйсініп, оны мида бекіту үрдістері бір уақытта өтіп отырады да материалды қорыту үрдісі ұтымды болады.

Электронды оқулықтар - барлық оқулықтардың материалдарын модульдік түрде құрастыру оның мазмұнын бірыңғай тұрғыдан қарастыруға негізделген. Студенттердің танымдық негіздері мен ерекшеліктері, жас ерекшеліктер өзгешеліктеріне байланысты ғылыми теориялық ұғымдар жүйесі арқылы жалпыдан жалпыға, абстрактылықтан нақтылыққа көтерілу электронды оқулықтардың кәдімгі оқу құралдарынан, оның ішінде соңғы буын оқулықтарынан басты айырмашылығы екеніне күмән жоқ.

Электронды оқулықтар ғылыми негізінде дайындалған педагогикалық-ақпараттық өнім. Электронды оқулық дайындаудың концептуальды негізі модульдік оқытудың педагогикалық теориясы болып табылады. Сонымен қатар электронды оқулық дайындау жүйесі оқытудың дидактикалық жүйесіне сәйкес келеді. Яғни, электронды оқулықтар оқыту процесінің автоматтандырылған формасы іспетті. Осындай ойды қорытындылай келе:

электронды оқулық - дисплей экранында көрінетін жай ғана мәтін емес, ол студенттерге өз жолымен керекті материалдарды жекеше меңгеруге арналған күрделі, көпсатылы жүйе.

Осы жүйеге орай электронды оқулықтар оқулықтың қажетті бөлімдерін қайталап, игеру тәсілдері мен логикасын өзіне тән етіп таңдап алып, осы сәтте ең керек деген материалдарды қарап шығуға мүмкіндік береді.

Классикалық түсінікте оқулық - белгілі бір ғылым аймағы бойынша материал ғылым мен мәдениеттің қазіргі жетістігі деңгейінде жүйелі түрде берілетін студенттерге немесе білімгерлерге арналған кітап. Сондықтан да электронды мен баспа оқулығы ортақ белгіге ие, атап айтқанда:

- оқу материалы белгілі бір білім аймағы бойынша беріледі;
- бұл материал ғылым мен мәдениеттің қазіргі кездегі жетістігі деңгейінде жабдықталған;

- оқулықтағы материал жүйелі түрде беріледі, яғни оқулықтың бүтіндігін қамтитын, бір - бірімен мағыналық қатынасы және байланысы бар көптеген элементтен тұратын толық анықталған шығарма болып табылады.

Көптеген оқытушыларға «Электронды» оқулық термині ұнамайды деген пікірлер бар. Өмір де, технология да өзгеріс үстінде болғандықтан жаңа терминдерден қорқудың қажеті жоқ. Өзгерістердің барлығына түсіністікпен қарау керек.

Электронды оқулықтың баспа оқулығынан ерекшелігін анықтап алу қажет:

- әрбір баспа оқулығы (қағаздағы) студенттерді дайындаудың белгілі бір бастапқы деңгейіне негізделген және оқытудың соңғы деңгейін ұсынады. Көптеген жалпы білім беру пәндерінен кәдімгі (базалық), күрделірек, факультативті оқулықтар бар. Нақты бір пәнге арналған электронды оқулық бірнеше күрделі деңгейдегі материалды қамтуы мүмкін. Сонымен қатар, олардың барлығы бір компакт дискіде орналасады, мәтін анимация мен иллюстрациядан, әр деңгей үшін интерактивті режимде білімді тексеруге арналған көп нұсқалы тапсырмалардан тұрады;

- электронды оқулықта баспа оқулығына қарағанда көрнекілік басым. Сонымен қатар көрнекілік электронды оқулықты жасау барысында мультимедиялық технологияларды: анимация, дыбыстық қолдау, гиперсілтеме, бейнесюжет және т.б. қолдану барысында қамтамасыз етіледі;

- электронды оқулық тексеру тапсырмаларының, тесттердің көп нұсқалдылығын, көп деңгейлігін және әртүрлілігін қамтиды. Электронды оқулық тапсырмалар мен тестті интерактивті және оқыту режимінде беруді қамтамасыз етеді. Қате жауап нұсқалағанда, түсініктемелер арқылы дұрысын ұсынуға болады.

- электронды оқулық құрылымы бойынша ашық жүйе болып табылады. Оларды толықтырып отыруда, түзету енгізуге, өзгертуге болады;

- Электронды оқулыққа жету мүмкіндігі жоғары. Сұраныс кезінде электронды оқулықтың тиражын көбейтуге, оны желі арқылы жеткізуге болады;

- қолдану барысында әртүрлі қызметті қамтамасыз етуге және өңдеу мақсатына байланысты электронды оқулық әр түрлі құрылымға ие болады.

Қорытынды. Электронды оқулық дәстүрлі құралдан, тек оқу материалы ғана емес, сонымен қатар меңгеру (осы материалды түсіну және еске сақтау), білім, біліктілік және дағдының қалыптасуын бақылау жүйесі программаланғанымен ерекшеленеді.

Студенттер үшін электронды оқулық-өздері толықтырып отыра алатын және нәтижелік емтиханға дайындалуға көмектесетін мәліметтер базасы болып келеді. Электронды оқулықтармен жұмыс істеу әрбір білімгердің өз мүмкіндіктерін есепке ала отырып, оқып үйрену ісін жеке дара жүргізу болып саналады. Электронды оқулықтар білімгердің өз бетімен жұмыс істеуіне толық мүмкіндік туғызады. Электронды оқулықтарды пайдалануда оқытушы ғылыми - әдістемелік потенциалын дамытып, оның сабақ үстіндегі еңбегін жеңілдетеді. Электронды оқулықтар арқылы сабақтың ыңғайына қарай қосымша материал ретінде де, факультативтік және қосымша сабақтарда да қолдануға болады. Әсіресе, саясат, білім, экология тақырыптары қазіргі өмірмен байланыста болады.

Электронды оқулығы көрнекілік ретінде де, оқу мен компьютер арасындағы байланыс жасауда да оқытушыларға көп көмек көрсетеді. Оқытудың әр сатысында компьютерлік тестер арқылы студентті жекелей бақылауды, графикалық, бейнелеу мәтіндері түрінде, мультимедиялық, бейне және дыбыс бөлімдерінің бағдарламасы бойынша алатын жаңалықтарды іске асыруға көмегін тигізеді. Электронды оқулықтарды жеке тұлғаның ақпараттық мәдениетін қалыптастыру құралы ретінде пайдалану алғашқы қадам, бірақ бұл білім жүйесін дамытудың көрнекі белесі, ол студенттің қазіргі кездегі ролін дұрыс түсінуге мүмкіндік береді.

Енді студенттер білім мен ақпарат бертін тұлға емес, ол алға қойған мақсатқа жету жолындағы керекті мәліметтерді тауып алуға көмектесетін кеңесші әрі әріптеске айналып кетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бидайбеков Е.И. Подготовка специалистов совмещенного и информационной профиля в Республики Казахстан. Алматы: АГУ им.Абая 1998, - 123 стр.
3. Журнал «Информатика и образование», № 7, 2018 г.
4. Журнал «Информатика негіздері» № 1, 2019 ж.